

<https://doi.org/10.55764/2957-9856/2024-4-137-150.47>

ҒТАРМ 39.01.99

ӨОЖ 911.3:338.48

А. М. Сергеева¹, Г. Ж. Нурғалиева², М. Ж. Махамбетов³, А. Г. Абдуллина^{*4}

¹ География ғылымдарының кандидаты, география және туризм кафедрасының профессоры (Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан; sergeyeva.aigul@gmail.com)

² География ғылымдарының кандидаты, география, туризм және су ресурстары кафедрасының қауымдастырылған профессоры (Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау, Қазақстан; nurgaliyevagzh@mail.ru)

³ PhD, экология кафедрасының қауымдастырылған профессоры (Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан; murat.makhambetov@zhubanov.edu.kz)

^{4*} PhD, география және туризм кафедрасының меңгерушісі (Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан; akzhunus.abdullina@zhubanov.edu.kz)

МҰҒАЛЖАР ТАУЫНЫҢ РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ГЕОТУРИЗМДІ ДАМУЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация. Зерттеу барысында Мұғалжар тауының рекреациялық әлеуеті сарапталып, осы өңірдегі геотуризмді дамытудағы проблемалар анықталды. Рекреациялық әлеуетті бағалау табиғи және мәдени ресурстарды, инфрақұрылымның қолжетімділігін және туризмді дамыту әлеуетін талдауға негізделген. Анықталған проблемаларға геотуристтік маршруттардың жеткіліксіз дамуы, рекреациялық аймақтардың тиімсіз пайдаланылуы және табиғи көрікті жерлер туралы ақпараттың шектеулі қолжетімділігі жатады. Геотуризмді табысты дамыту үшін инфрақұрылымды дамытудың кешенді бағдарламаларын әзірлеу, туристерді тарту үшін маркетингтік зерттеулер жүргізу және жергілікті халықты геологиялық мұраны сақтау және дамыту үдерісіне белсенді тарту қажет. Зерттеудің мақсаты – Пралонг әдісін қолдана отырып, Мұғалжар тауының геологиялық мұралары ретінде қарастырылатын жер бедерінің пішіндерін анықтау, сандық бағалау. Зерттеу салыстырмалы географиялық әдіс, сауалнамаға негізделді. Зерттеу аймағын анықтағаннан кейін жеті геонысан таңдалды. Пралонг әдісі 7 геонысанды бағалау үшін қолданылды: Үлкен Боктыбай, Айрық, Шуылдақ, Ащылысай, Айдарлыаша, Төлеубұлақ, Доңызтау. Мұғалжар тауының рекреациялық әлеуетін саралау үшін мамандар сауалнамалар мен жиналған мәліметтерді қолдана отырып, бірінші кезеңде геонысандардың мүмкіндіктері тұрғысынан төрт дәрежеге эстетикалық, ғылыми, тарихи-мәдени және әлеуметтік-экономикалық баға берді. Бағалау нәтижелері ең жоғары ұпай жинаған Ащылысай (0,68) және Доңызтау (0,57) геонысандары геотуризмді дамытуда ірі геонысан және туристерді тартудың жоғары әлеуеті бар екенін көрсетті. Зерттеу нәтижелерін жергілікті туризм саласындағы кәсіпкерлер геотуризмді дамыту және ілгерілету үшін пайдалана алады.

Түйін сөздер: геологиялық мұра, геотуризм, геоалуантүрлілік, Пралонг әдісі, Мұғалжар тауы.

Кіріспе. Геологиялық табиғи ескерткіштер – жер тарихындағы сан алуан геологиялық оқиғаларды бейнелейтін іріктеліп алынған табиғи нысандар: біздің планетамыздың қалыптасуының жекелеген кезеңдерін, көріністерін көрсететін стандартты және бірегей стратиграфиялық кесінділер, ландшафттың өзіне тән элементтері немесе олардың үйлесімі, минералдар, тау жыныстары, тау жыныстарының құрылымдық ерекшеліктері, бұрынғы жәндіктердің тастағы таңбалары, тіршілік әрекетінің іздері, жер асты суларының шығуы, сарқырамалар, карст үңгірлері, т.б. [1, 2]. Қазіргі зерттеулер геотуризмнің ең кең тараған анықтамаларының бірін ұсынды. Олардың пікірінше, геотуризм – табиғи ландшафттар мен геологиялық ерекшеліктерге бағытталған туризм түрі [3, 4]. Геотуристер геологиялық процестерді, ландшафттың қалыптасуын, минералогияны, палеонтологияны және табиғаттың басқа да аспектілерін зерттеуге қызығушылық танытады. Туризмнің бұл түрі көбінесе геология және қоршаған орта туралы білімді арттыруға бағытталған білім беру бағдарламалары мен экскурсияларды қамтиды [5, 6].

Ақтөбе облысындағы геотуризмнің басты нысаны желгі таулардың бірі әрі Орал тауларының жалғасы Мұғалжар. Мұғалжардың құрылымдық-тектоникалық жаратылысының күрделілігі литологиялық және минералогиялық әртүрлілікті, аса маңызды стратиграфиялық кесінділердің болуын, карст процестерінің кең көлемде көрінуін және т.б. анықтайды [7, 8]. Ақтөбе облысында

19 геологиялық табиғат ескерткіштері (әрі қарай ГТЕ) бар, оның 10-ы Орал-Мұғалжар таулы елінің шегінде, 3-уі Орал маңы ойпатында және Каспий синеклизасының іргелес солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Ақтөбе облысындағы геологиялық нысандар немесе ескерткіштердің барлығы дерлік қорғауға алынбаған. Мысалы, геологиялық – Шилі, Жылансай, Шошқа, Куағаш, Шаңдыаша, Қияқты, Доңызтау, Солтүстік Александр, Батыс Петропавл; палеонтологиялық – Медес, Өрнектассай, Кеңкуыс, Қаракөл, Романкөл, т.б. нысандарды облыстық маңызы бар ескерткіш ретінде қорғауға алуға болады.

Ақтөбе облысының ГТЕ құрылымы әртүрлі; мұнда нысандардың геоморфологиялық құрамдас бөлігі екінші ретті, ал стратиграфиялық және палеонтологиялық құндылығы жөнінен маңызды ескерткіштер көп. Мұндай диспропорция Мұғалжар қатпарлы аймағының құрылымдық аймақтарының қысқаруымен және ГТЕ санының аздығымен де түсіндіріледі.

Ақтөбе облысының жеткілікті геологиялық зерттелуіне қарамастан геологиялық нысандар қорғауға мұқтаж. Оның басты себебі нысандардың аумақтық жобалау (жерді пайдалану) схемаларында көрсетілмегені, кадастрлық есепке алынбағандығы, төлқұжаттары мен қауіпсіздік міндеттемелерінің берілмегендігінде болып отыр. Бұйрық қабылданғаннан бастап барлық қажетті құжаттаманы толтыруға дейінгі ұзақ уақыт геологиялық нысандардың құнын немесе тұтастығын жоғалтуға әкелуі мүмкін. Осылайша, ежелгі Алабас жанартауы («Шуылдақ палеожанартаулық аймағы» нысаны) тау-кен жұмыстары нәтижесінде ішінара жойылды, ал осы аумақта 2011 жылы Шалқар өңірінде қиыршық тас өндірумен айналысатын 5 зауыт жұмыс істеді [9]. «Ақтасты рифінің төменгі пермдегі балдырлы рифінің әктастары» нысаны да карьерлік жолмен игерілуде. Қазіргі уақытта риф денесінің солтүстік, шығыс және батыс бөліктері ішінара сақталған, ал оңтүстік бөлігі құрылыс материалдары үшін қазылған. Карьердің ашық қабырғалары риф денесінің ішкі құрылысын сапалы зерттеуге мүмкіндік береді. Қорғауға ұсынылған нысандардың ішінде «Солтүстік Александр» Оралдың алдыңғы қатпарлар аймағындағы гипсті-карстілі алаң болып табылады. 1960 жылдары бұл жерде ұзындығы 30-дан 200 м-ге дейінгі өткелдері бар шамамен 6 үңгір табылған [10]. Қазіргі уақытта шығыс гипс жотасын жару әдісімен карьерлер қазу арқылы игерілуде. Осылайша, карсттық геожүйенің табиғи құрылымы түбегейлі бұзылып, геонысан болашағы зор табиғат ескерткіші ретіндегі құндылығын айтарлықтай жоғалтты. Ақтөбе облысында геологиялық нысандарды жеке меншік құқығына беру арқылы консервациялау жағдайлары бар. Көмір және пермь жүйелері шекарасының ғаламдық стратотипі – «Айдарлыаша өзенінің аңғары» осындай әрекет салдарынан қорғауға алынбаған, оның бір бөлігі (400 га) қорғау бастамашысы – «Ақтөбе ғылыми-зерттеу геологиялық барлау мұнай институты» ЖШС меншігі ретінде тіркелген [11].

Жоғарыда аталған геонысандарды тиімді қорғаумен қатар, облыстық маңызы бар табиғат ескерткіштері ретінде ресми бекіту өзекті. Бұл нысандардың геотуризмде маңызы зор. Қазіргі кезде қорғауға үміткер геонысандардың бірі, тау-кен өндірісі қарқынды дамыған ауданда орналасқан – Мұғалжар тауының биік нүктесі – Үлкен Боқтыбай (657 м).

Мұғалжар Жем мен Ырғыз өзендерінің, солтүстікте Ор өзенінің суайрығы қызметін атқарады. Мұғалжардың орташа биіктігі 250-350 м, олардың ең жоғары биіктігіне Бершүтір (Біршоғыр) тау тобындағы солтүстікте жатқан қос дөңді теңіз деңгейінен 634 м биіктіктегі Айрық сілемі жатады [12]. Іргелес жазықтардан жоғары Мұғалжар таулары бар жоғы 150-200 м биіктікке көтеріледі, бұл негізінен дөңес, жұмсақ, бірақ төбесінде тасты жоталар кең таралған.

Зерттеу нысаны – Мұғалжар тауының аумағы. Мұғалжар тауы аумағының негізгі бөлігін қыраттар, жазықтар сияқты ірі рельефтік формалар алып жатыр. Қазіргі уақытта геомұраны танымал ету мен қорғаудың ең тиімді жолы, әсіресе туризмді дамыту тұрғысынан, жоғарыда айтылғандай, геотуризм болып табылады. Геотуризм және нысандардың геологиялық-геоморфологиялық әртүрлілігі ұғымдары абиотикалық сферадағы геологиялық ортамен байланысты және геоэлементтердің рөлін атап көрсетеді (1-сурет).

Бұл тұрғыда геотуризм шешуші рөл атқарады, өйткені ол геоконсервацияны іс жүзінде қолданады және оны көпшілік арасында түсінуге ықпал етеді [13]. Геологиялық табиғат ескерткіштерін қорғауға тұрғындарды тарту оларды сақтау жолындағы маңызды қадам. Олардың құндылығы мен бірегейлігін насихаттайтын қызметтерді ұсыну осы табиғи ресурстарды сақтаудың маңыздылығы туралы халықтың хабардарлығын арттыруға көмектеседі. Сондай-ақ келушілерді тартуға бағытталған қызметтерді ұсына отырып, біз осы нысандарды қаржыландыру және қолдау

үшін қосымша мүмкіндіктер жасауымыз керек. Бұл да туризмнің дамуына септігін тигізіп, өңір экономикасын нығайтады, бұл табиғи мұраны сақтауға қосымша ынталандыру болып табылады [14, 15].

Бұл пәнаралық зерттеудің мақсаты – Мұғалжар тауында геотуризмді дамыту әлеуетін зерттеу. Бұған туризмді дамыту үшін ландшафттарға қатысты геологиялық нысандардың сәйкестігін анықтау және бағалау арқылы қол жеткізіледі.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы геотуризмді дамытудың озық тәжірибесін зерделеу кезінде библиографиялық әдіс қолданылды, бұл геотуризм ұғымының осы тұжырымдаманы қалыптастырған ғалымдар еңбектерінен бастап аймақтық зерттеушілердің пайдалануына дейінгі эволюциясын байқауға мүмкіндік берді. Мақаланы жазуда негізінен далалық зерттеу материалдары (2012-2014, 2017-2018 жж.), Мұғалжардың табиғи жағдайлары, ресурстары туралы статистикалық, анықтамалық, фондтан алынған және әдеби материалдар пайдаланылды [16, 17]. Аумақтың геологиялық ескерткіштерін сипаттау үшін сипаттамалық, салыстырмалы геоморфологиялық, статистикалық және картографиялық зерттеу әдістері қолданылды. Сонымен қатар, зерттеу нысаны мен пәні бойынша ғылыми жарияланымдар мен материалдарды талдау және жүйелеу жұмыстары жүргізілді.

Зерттеуде геонысандарды олардың туристік құндылығы тұрғысынан бағалау үшін Пралонг әдісі қолданылды [18]. Пралонг әдісінен басқа, Мұғалжар тауының әлеуетін сараптауға болатын рекреациялық әлеуетті бағалаудың басқа да әдістері бар. Сараптамалық бағалау, функционалдық-аумақтық талдау, экологиялық сыйымдылықты бағалау секілді әдістерді зерттеуге пайдалануға болады. Сараптамалық бағалау әдісінде тәжірибелі мамандардың пікірлері есепке алынады, Пралонг әдісіне ұқсас. Функционалдық-аумақтық талдау әдісі аумақты әртүрлі функциялары бар аймақтарға нақты бөлуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс әртүрлі рекреациялық ресурстардың кеңістікте таралуын және оларды пайдалану мүмкіндіктерін талдауға ғана негізделген. Экологиялық сыйымдылықты бағалау әдісі тау экожүйесіне айтарлықтай зиянсыз шыдауға болатын шекті рұқсат етілген жүктемені анықтауға бағытталған.

Мұғалжар тауының рекреациялық әлеуетін бағалау үшін Пралонг әдісін қолдану жан-жақты талдау үшін маңызды көптеген факторларды есепке алу үшін керек. Бұл әдіс туризм тұрғысынан аймақтың күшті және әлсіз жақтарын көрсетуге, дамудың ең қолайлы бағыттарын анықтауға, сондай-ақ рекреациялық қызметке байланысты тәуекелдерді анықтауға көмектеседі. Бұл тәсіл Мұғалжар тауының қазіргі әлеуетін анықтауға ғана емес, сонымен қатар ұзақ мерзімді жоспарлау үшін маңызды рекреациялық іс-шараларды тұрақты дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеуде қажет.

Пралонг әдісі туризмде нысанды пайдалану үшін геологиялық нысандардың санын да, сапасын да бағалауға мүмкіндік береді. Әрбір геонысанның туристік құндылығы табиғаттың тартымдылығы, ғылыми, тарихи, мәдени және әлеуметтік-экономикалық аспектілері ескеріле отырып анықталады. Бұл аспектілер әртүрлі геонысандарды салыстыруға мүмкіндік беретін бес деңгейлі шкала негізінде бағаланады.


Пралонг әдісі ағымдағы туристерді қабылдау ерекшеліктерін ескереді, бұл олардың әлеуетін және туризмнің нақты мүмкіндіктерін анықтайды. Зерттеу сонымен қатар геонысандардың геологиялық, гидрологиялық, климаттық, биологиялық және антропогендік ерекшеліктерін, сонымен қатар олардың келушілердің эстетикасы мен эмоционалдық қабылдауына әсерін саралайды. Бұл тәсіл геонысандардың жай-күйі мен дамуына әсер ететін әртүрлі факторларды ескере отырып, геологиялық ескерткіштерді қорғауды басқарудың ең тиімді стратегияларын әзірлеуде маңызды.

Геоалуантүрліліктің маңыздылығы бірнеше маңызды құндылықтармен ұсынылды [19, 20]:

ғылыми құндылық;

мәдени құндылық-геоморфологиямен байланысты геологиялық-геоморфологиялық ерекшеліктерді түсіндіру, геоалуантүрліліктің тарихи-археологиялық аспектілері (геологиялық нысандардың ежелгі қоныстар немесе бекініс жүйелері үшін маңыздылығы, рухани және діни аспектілер;

эстетикалық құндылық-геоалуантүрлі көрнекі, тартымды, оның ішінде адамға психологиялық әсер беретін нысандар;



1-сурет – Ақтөбе облысының геологиялық ескерткіштері.

Петрографиялық-минералогиялық: 1 – Жаманшын; 2 – Шили; 3 – Жылансай; 4 – Шошқа; 5 – Қуағаш; 6 – Шандыаша; 7 – Доңызтау; 8 – Солтүстік-Александр; 9 – Батыс-Петропавл; 10 – Әулие массиві; 11 – Серпентинді меланж.

Стратиграфиялық-палеонтологиялық: 12 – Медет; 13 – Өрнектассай; 14 – Кеңкуыс; 15 – Қаракөл; 16 – Романкөл; 17 – Ақтасты өзенінің жағалауы; 18 – Тікбұтақ; 19 – Шалқарнұра; 20 – Домбар төбелері; 21 – Қызылтөбе.

Кешенді: 22 – Шуылдақ; 23 – Айдарлыаша; 24 – Ақтолағай; 25 – Жақсы Қарғалы өзенінің жағалауы; 26 – Бөртебай; 27 – Жалғызтау палеожанартауы; 28 – Көкжиде; 29 – Ебейті.

Тарихи-геотехникалық: 30 – Ақтасты рифі; 31 – Оңтүстік Жамантау.

Figure 1 – Geological monuments of Aktobe region.

Petrographic and mineralogical: 1 – Zhamanshyn; 2 – Shili; 3 – Zhylansai; 4 – Shoshka; 5 – Kuagash; 6 – Shandyasha; 7 – Donyztau; 8 – North-Alexander; 9 – West-Petropavl; 10 – Aulie Massiv; 11 – Serpentine melange.

Stratigraphic and paleontological: 12 – Medet; 13 – Ornektassai; 14 – Kenkuys; 15 – Karakol; 16 – Romankol; 17 – Aktasti river embankment; 18 – Tikbutak; 19 – Shalkarnura; 20 – Dombar Hills; 21 – Kyzyltobe.

Complex: 22 – Shuyldak; 23 – Aidarlyasha; 24 – Aktolagai; 25 – Zhaksy Kargaly river embankment; 26 – Burtabay; 27 – Zhalgyztau paleozhanartau; 28 – Kokzhide; 29 – Ebeity.

Historical and geotechnical: 30 – Aktasti Reef; 31 – South Zhamantau

экономикалық және функционалдық құндылық отын, құрылыс материалдары сияқты минералды ресурстарды пайдаланумен көрсетіледі; жер бедерін пайдалану және геоалуантүрлілікті, сәйкесінше, геомұраны, туристік және геобілім беру іс-шаралары үшін пайдалану;

ғылыми-танымдық құндылығы – ол тіршіліктің пайда болуы мен жер бедері пішіндерін түсінумен, ландшафт пен климаттың эволюциясымен, палеогеографиялық ұғымдармен байланысты.

Геонысан формаларының ғылыми құндылығын бағалау үшін төрт негізгі критерий қолданылады: сиректік, ғылыми, палеогеографиялық және биологиялық құндылықтар. Бұл критерийлер бір индекске біріктірілген, оны келесі теңдеу арқылы есептеуге болады:

$$\text{Ғылыми мәні} = \frac{V1+V2+0,5 \times V3+0,5 \times V4+V5+V6}{5},$$

мұнда V1, V2, V3, V4, V5, V6 – критерийлердің әрқайсысына сәйкес келетін мәндер. Бұл мәндер 1-кестеде келтірілген арнайы коэффициенттер негізінде анықталады. Осылайша, геонысан рельеф формаларының ғылыми маңыздылығы олардың ғылыми құндылығының әртүрлі аспектілерін ескере отырып, зерттеу және білім беру мақсаттары бойынша бағалауға мүмкіндік беретін кешенді мән болып табылады.

Геонысандардың эстетикалық құндылығы оның көркемдік аспектілеріне байланысты және келесі теңдеумен бірге кестеде келтірілген стандарттармен бағаланады:

$$\text{Эстетикалық құндылық} = \frac{V1 + V2 + V3 + V4 + V5}{5}.$$

Тарихи-мәдени элементтерді бағалау кезінде геонысандардың көркемдігі мен тарихи-мәдени құндылықтарына баса назар аударылады. Бұл формулада кестедегі кескіндерге қатысты V2 коэффициенті екі рет есепке алынады:

$$\text{Мәдени құндылық} = \frac{V1+2+V2+V3+V4+V5}{6}.$$

Әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктерді бағалау кезінде геотуризмнен түсетін пайда мен кәсіпкерлік әлеует ескеріледі. Ұпайлар 1-кестедегі деректер негізінде де есептелді. Бұл теңдеу бес параметр (V1, V2, V3, V4, V5) негізінде геонысан формаларының экономикалық мәнін анықтау тәсілі болып табылады, олар бағаланады, содан кейін орташаланады. Осыдан кейін осы жер бедерінің пайдалану дәрежесі бағаланады, ол екі құрамдас бөліктен тұрады: пайдалану дәрежесі және пайдалану сапасы. Пайдалану коэффициенті V1-V4 параметрлерінің орташа мәні ретінде есептеледі, ал пайдалану сапасы 1-кестеге сәйкес бағаланған төрт критерий негізінде анықталады. Нәтижелік X және Y мәндері өнімділік мәнін анықтау үшін пайдаланылады.

Қарастырылып отырған аумақтың ерекшеліктері туристерді тартудың әлеуетті нысандары ретінде анықталып, осы аймақтағы туризмнің дамуына әсер ететін факторларға талдау жүргізілгеннен кейін әлеуетті геонысандар кестесі құрастырылды. Бұл кестеге геотуризм үшін тартымды болуы мүмкін әрбір орынның саны мен пайызы кіреді. Содан кейін артықшылықтар мен сарапшылардың пікірлері негізінде деректерді талдау үшін қолданылатын Пралонг әдісі арқылы қажетті геотуризм бағыттары анықталды. Бұл бағыттар сарапшылардың одан әрі талқылауы және бағалауы үшін сауалнама түрінде ұсынылады. Сарапшылардың мәліметтерін жинап, талдағаннан кейін қажетті геотуризм телімдері үшін қорытынды кесте және баллдық жүйе құрастырылады.

Нәтижелер мен талқылаулар. Пралонг әдісі зерттелетін аумақта таңдалған геонысандардың шынайылығын, құндылығын және туристік әлеуетін бағалау үшін пайдаланылды. Зерттеулер жүргізгеннен кейін және сарапшылардың пікірлерін ескере отырып, геонысандармен байланысты туризм құндылықтарының кестесі дайындалып, тиісті бағалаулар жүргізілді. Алынған нәтижелер геотуризм мен аймақтық туризмді талдау үшін Пралонг әдісін қолдану орынды екенін және зерттеу аймағындағы әртүрлі туристік орындар туралы пайдалы деректерге әкелетінін көрсетті.

Пралонг әдісі сонымен қатар геонысандар мен ландшафттардың арақатынасын ескеру маңызды болатын әлемнің әртүрлі аймақтарындағы ұқсас зерттеулерде жасалғандай, геонысандарға басымдық беруге мүмкіндік береді. Пралонг әдісі арқылы сауалнама деректері мен сарапшылардың пікірлерін жинағаннан кейін осы зерттеудің жалпы нәтижелері 2-кестеде берілді.

Осы нәтижелерге сәйкес Ащылысай және Доңызтау биіктіктерінің геонысандары туризмді бағалауда тиісінше бірінші және екінші орында, орташа рейтингі 0,68 және 0,57. Қалған геонысандар төмен баллға ие, ал Айрық ең төменгі туристік балл 0,42. Пайдалану дәрежесі бойынша Ащылысай бірінші орында 0,58 балл болса, Төлеубұлақ 0,07 көрсеткішпен соңғы орында тұр. Кейбір басқа аймақтарда экономикалық дәрежесі бойынша ұқсас өнімділік көрсеткіштері бар, бірақ бұл көрсеткіш бойынша ең төменгі рейтинг 0,19 баллмен Төлеубұлақ болып табылады (2-сурет).


Мұғалжар негізінен жоғары дислокацияланған кембрийге дейінгі гнейстер мен кристалды сланецтерден, сонымен қатар қатпарлы тактатастардан, әктастардан, құмтастардан және палеозой конгломераттарынан түзілген [21]. Олар қатпарлардың дизъюнктивті ақаулармен сипатталады. Қатпарланудың барлық дәуірлері әртүрлі интрузивті және эффузиялық магмалық тау жыныстарының болуымен ерекшеленеді: граниттер, диориттер, диабаздар, габбролар және порфириттер

1-кесте – Пралонг әдісіне негізделген геонысандар критерийлері мен туристік өнімділік мәнін бағалау
Table 1 – Assessment of criteria for geo-objects and the value of tourism productivity based on the Pralong method

Бағалау құндылықтары	Бағалау критерийлері	Сарапшы көрсеткен мәндер (0,00–1,00)						
		Үлкен Боктыбай	Айрық	Шуылдақ	Ащы-лысай	Айдар-лыаша	Төлеу-бұлақ	Доңыз-тау
		ГН 1	ГН 2	ГН 3	ГН 4	ГН 5	ГН 6	ГН 7
Ғылыми	V1 Палеогеографиялық	0,25	0	0,75	0,25	1	0,25	0,25
	V2 Репрезентативтілік	0,75	1	0,75	1	0,5	0,5	1
	V3 Аумағы	0,25	0,25	0,75	0,25	0,75	0,5	0,75
	V4 Сиректігі	0,75	0,75	1	0,75	1	0,5	0,75
	V5 Табиғи қалпы	0,5	0,5	0,25	0,25	0,5	0,25	0,5
	V6 Экологиялық жағдайы	0,5	0,75	0,25	0,75	0,5	0,25	0,5
Эстетикалық-көркемділігі	V1 Сыртқы түрі және пішіні	0,5	0,5	0,75	1	0,75	0,5	0,25
	V2 Бірегейлігі	0,75	0,75	1	0,75	1	0,75	0,75
	V3 Эмоциялық әсер	0,75	0,5	0,5	0,75	0,5	0,5	0,25
	V4 Қоршаған табиғатпен әрекеттесу	0,5	0,25	0,25	0,25	0,5	0,25	0,5
	V5 Эстетикалық қабылдау	0,5	0,75	0,75	1	0,5	0,75	0,5
Тарихи-мәдени	V1 Тарихи мәні	0,5	0,25	0	0,25	0,25	1	1
	V2 Археологиялық құндылығы	0,25	0	0	0,25	0	1	1
	V3 Мәдени мұра ретінде маңызы	0,5	0	0	0,5	0,5	1	1
	V4 Діни және метафизикалық	0,25	0	0	0,25	0	1	1
	V5 Петроглифтер	0	0	0	0	0	1	0,75
Экономикалық	V1 Қол жетімділік	0,5	0,5	0,25	1	0,5	0,25	0,25
	V2 Табиғи тәуекелдер	0,5	0,5	0,5	0,25	0,25	0,25	0,25
	V3 Келушілер саны	0,1	0,1	0,25	1	0,25	0,1	0,5
	V4 Геонысанды ресми қорғау деңгейі	0	0	0	0,5	0,25	0,25	0,25
	V5 Туристерді тарту	0,1	0,1	0,1	1	0,25	0,1	0,1
Пайдалану дәрежесі	V1 Инфрақұрылым саны	0	0	0	0,5	0,1	0	0,25
	V2 Маусымдық жүктеме	0,25	0,25	0,25	0,75	0,25	0,1	0,25
	V3 Күнделікті келушілер	0,1	0,1	0,1	0,5	0,25	0,1	0,1
Пайдалану сапасы	V1 ГН ғылыми құндылығы	0,5	0,5	1	0,75	1	1	1
	V2 ГН эстетикалық құндылығы	0,5	0,75	0,75	1	0,5	0,5	0,5
	V3 ГН мәдени құндылығы	0,75	0,75	0,75	0,75	0,75	0,75	0,75
	V4 ГН экономикалық құндылығы	0,75	0,75	0,75	1	0,75	0,75	0,75

2-кесте – Мұғалжар тауының геоньсандарын геотуризмді дамыту үшін бағалау
 Table 2 – Assessment of geo-objects of Mount Mugalzhar for the development of geotourism

Геоньсандар	Үлкен Боқтыбай	Айрық	Шуылдақ	Ащылысай	Айдарлы-аша	Төлеу- бұлақ	Доңызтау
	ГН 1	ГН 2	ГН 3	ГН 4	ГН 5	ГН 6	ГН 7
Ғылыми	0,50	0,55	0,58	0,55	0,68	0,35	0,60
Эстетикалық-көркемділігі	0,60	0,55	0,65	0,75	0,65	0,55	0,45
Тарихи-мәдени	0,58	0,38	0,33	0,54	0,46	1,17	1,13
Экономикалық	0,24	0,24	0,22	0,75	0,3	0,19	0,27
Пайдалану дәрежесі	0,12	0,12	0,12	0,58	0,20	0,07	0,20
Пайдалану сапасы	0,63	0,69	0,81	0,88	0,75	0,75	0,75
Жалпы бағалау	0,44	0,42	0,45	0,68	0,51	0,50	0,57





2-сурет – Мұғалжардың геотуризмді дамытуда маңызды геологиялық ескерткіштері

Figure 2 – Geological monuments of Mugaljar that are important for the development of geotourism

[22]. Мезозой мен кайнозойдағы тектоникалық қозғалыстар төмен қарқында болды. Төрттік дәуірдегі бүкіл Оңтүстік Оралдың эпирогендік көтерілуі Мұғалжардағы эрозия процестерінің біршама жандануына ықпал етті.

Мұғалжар физикалық-географиялық аймағының табиғи бірегейлігі тектоникалық құрылымдардың оңтүстік бағытта жалпы шөгуімен анықталады, бұл әсіресе оңтүстікте байқалады, мұнда Оралдың солтүстік аймақтарынан айырмашылығы гипербазиттер белдеуі дамыған.

Жалпы алғанда, батыстан шығысқа қарай жанартаулық кешендердің қалыңдығы, сондай-ақ науалар амплитудасы айтарлықтай төмендейді деп айтуға болады. Кешендер құрамы мен оларды құрайтын тау жыныстарының жасы да өзгереді. Сонымен, егер батыс жасыл тас зонасы тек дерлік силур-девон дәуірінің диабазды-спилиттік құрам қабаттарынан құралса, Ырғыз ойпаңында девон және төменгі көміртегінің композициялық ала-кұла шөгінді- жанартаулық жыныстарының қабаттары әлдеқайда дамыған [23].

Мұғалжардың қазіргі рельефінің қалыптасуы ұзақ уақыт бойы әртүрлі экзогендік процестердің әсерінен өтті – теңіз абразиясы, денудация және эрозия, олардың қарқындылығы мен бағыты геологиялық тарихтың жекелеген кезеңдерінде бірдей болмаған. Соның нәтижесінде бірқатар аудандарда қалдық жазықтар пайда болды.

Мұнда шығыстан батысқа қарай қайта-қайта өзгеретін тау жыныстарының әртүрлі петрографиялық құрамы, күшті физикалық үгілу, беткейлерден үгілу өнімдерін қарқынды түрде жою және эрозияның негізгі жергілікті негіздерінен қашықтығы үлкен рөл атқарды. Жотаның ең биік бөліктері ерекше төзімді жасылтасты эффузивті жыныстардан тұрады. Шыңдар жартасты жоталар түріндегі түпкі жыныстардың үздіксіз дерлік шығуын білдіреді.

Қазіргі рельефте су алабы үстірттердің ең биік бөліктерінде, ірі өзендердің алаптары арасында бастапқы теңіз абразиялық-аккумуляциялық жер бетінің қалдықтары сақталған. Бұл жер бетінің пайда болуына бор және палеоген дәуіріндегі теңіздердің бірнеше рет трансгрессиялары себеп болды. Кейіннен неогенде алғашқы абразиялық-аккумуляциялық беткейде одан кейінгі эрозия және денудациялық процестер оған айтарлықтай әсер етпей, бастапқы рельефін сәл өзгерткен жерлерде эрозияға ұшыраған. Орталық Мұғалжардың рельефі жазық дала мен аумақтың, бұталы қалың ландшафттар – 5%, ашық шөпті ландшафттар – 70%, жартасты аймақтар – 10%, сулы-батпақты жерлердің – 5% алып жатыр [24].

Үлкен Боқтыбай – Мұғалжардың ең биік нүктесі. Биіктігі 657 м, ұзындығы 7 км, ені 4 км жетеді. Ол орта палеозой (девон) дәуірінің эффузивті жыныстарынан: порфириттерден, туфтардан, алевролиттерден түзілген [25]. Шыңның беткейлерін жазда кеуіп қалатын өзендер жарып, жусанды-шөпті дала өсімдіктері мен сирек бұталармен көмкерілген. Тау етегі жайылым ретінде пайдаланылады.

Айрық – Мұғалжар тауының биіктігі 634 м болатын Үлкен Боқтыбайдан кейінгі екінші биік нүктесі. Ол айналасынан ерекшеленіп бірнеше ондаған шақырым жерде көрінеді, етегінде көптеген шағын қайың тоғайлары бар.

Шуылдақ – Шалқар теңізінен солтүстік-батысқа қарай орналасқан Мұғалжар тауының шығыс сілемдеріндегі Шуылдақ шатқалы спрединг аймағында терең су астылық жағдайларда (3 км дейін) түзілген ерте палеозойдың жанартаулық жыныстар кешенін ашып көрсетеді. Яғни, бұл жыныстар аймағы (негізінен базальтты) Қазақстан мен Шығыс Европаны бөліп жатқан Орал теңізінің түбі болған. Орал теңізінің қалыптауы ерте ордовикте Шығыс Европа құрлығының жарылуы болған кезде басталған, ол жанартаулық жыныстар сериясы: базальттар мен риолиттер түрінде көрініс табады. Өз кезегінде бұл вулканиттер рифтерге тән терең тұрпайы жарықшақты қабаттармен байланысты. Осы жарылу нәтижесінде метаморфтық жыныстардан түзілген Мұғалжар блогы шығысқа қарай ығысып, Орал теңізіне орын берді. Бұл кезең жыныстарының реликтілері (жұрнақтары) мұхит түбінің кеңеюін (спрединг) көрсететін және мұхит орталық жоталар мен рифтерге тән офиолит ассоциациясы түрінде көрінеді. Офиолиттердің жоғарғы жартысы Шуылдақ каньонында ерекше жалаңаштанған. Бұл офиолиттер классикалық түзілімдер: жастық лавалары – доғал «жастық» формасының көлденең кесінділеріндегі түзу «макарондар» қораптары түрінде; кесілген дайкалар желісі; тасқа айналған лава көлдері және спредингтің терең су астылық ерекше құрылыстары түрінде көрініс табады [26]. Ордовиктегі – орта карбондағы Орал теңізінің мұнан кейінгі тарихы мұхиттық та, құрлықтық та қабаттардағы жанартаулық аралдық доғалардың пайда болуымен; мұхиттық қабықтың субдукция аймағына жұтылуымен; аралдық доғалар мен аралдардың өзара және материкпен соқтығысуы салдарынан күрделі жабынды-жақпарлы жүйенің түзілуімен байланысты болды. Орал теңізінің кеңеюі кейінгі ордовик пен силурдың өн бойында жалғаса берді. 400 млн жыл бұрын ерте девонда теңіздің кеңеюін оның қысылуы алмастырды. Плитаар шеттері бір-біріне жақындап, тіпті бір-бірінің үстіне де шыға бастады. Жанартаулық әрекет қайтадан жалғасты. 300 млн жыл бұрын карбон мен пермь шегінде Қазақстанның Шығыс Европамен соқтығысуы, Орал теңізінің жабылуы және колизия болған жерде қабықтың деформациялануы жүрді, нәтижесінде Палеоорал жотасының оңтүстік бөлігі пайда болды. Ал Мұғалжар болса кезіндегі аса қуатты Палео Орал тауларының оңтүстік бөлігінің қалдығы болып табылады.

